

# CR 166

# Ceresit

## СОЗЫМДЫ ГИДРООҚШАУЛАҒЫШ МАССА

Су өткізбейтін жабындарды құру үшін арналған екі компонентті майлағыш гидрооқшаулағыш

### ҚАСИЕТТЕРІ

- бу өткізбейді;
- созымды;
- аязға төзімді;
- 0,9 мм дейін ашылған жарықтарды жабады;
- тұздың және сілтінің жеміруіне төзімді;
- бетонның карбондаудан қорғалуын қамтамасыз етеді;
- қылқаламмен оңай жағылады;
- сыртқы және ішкі жұмыстарға жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

### ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CR 166 гидрооқшаулағыш массасы азаматтық және өнеркәсіптік құрылыста ішкі және сыртқы жұмыстарды жүргізген кезде, тік болсын, көлденең болсын, тұздалмаған минералды негіздерде, оның ішінде пішіні өзгеруіне шалдыққан созымды гидрооқшаулағыш жабындарды құрастыру үшін арналған.

CR 166 қолданылады:

- іргетастарды, гидротехникалық құрылыстарды, террасаларды, балкондарды, ғимараттардың жердің деңгейінен төмен орналасатын элементтерін және т.б. гидрооқшаулау үшін;
- бассейндердің (оның ішінде ашық) және шаруашылық-ішу мақсатындағы суға арналған резервуарлардың жиналмалы және монолитті ванналарын ішкі гидрооқшаулау үшін;
- бетон және темірбетон құрылыстарды нөсер жауыннан, шашырандылардан, тұманнан және т.б. қорғауға арналған түпкілікті жабын ретінде;
- бетонды карбондаудан қорғауға арналған түпкілікті жабын ретінде (пирстарда, тіреу қабырғаларда, тоннельдерде, көпірлерде, градирняларда, тіреулерде).

Жұмыстарды орындаған кезде CR 166 гидрооқшаулағышы гидростатикалық қысымның әсерінен басып қысуға жұмыс істеуге тиіс болғанын назарға алу қажет.

CR 166 көмірқышқылды газдың диффузиясына іріктемелі кедергі жасайды және бетонды карбондау нәтижесінде жемірілуден тиімді қорғайды.

CR 166 массасының сілтілерге, таңайтқыштарға (pH > 4,5), гидравликалық майға, натрий хлоридінің 10%-дық ерітіндісіне, натрий гипохлоритіне, натрий карбонатына (содаға), қантқа, аммиактың 10%-дық ерітіндісіне, ацетонға химиялық төзімділігі жоғары.

CR 166 тұратын жабынды механикалық зақымданудан сылақпен, тұтастырғышпен (құрамында гипс болмаған) немесе тақташа қаптауышпен (СМ 16 жоғары созымды желімін қолданып) қорғау керек.

Су ағындарын тоқтату үшін су тоқтататын СХ 1 немесе СХ 5 цементтерін пайдалану ұсынылады.

CR 166 гидрооқшаулағыш массасын гипс және ангидрит негіздерге салуға болмайды.

Гидрооқшаулағыш қоспа су әсер ететін жақтан салынады.



### Бетонды қорғау

Қоспа карбондануды бөгейді және ауа райы жағдайларынан туындаған бетонды және темірбетонды тозуынан тиімді қорғауды қамтамасыз етеді.

CR 166 EN 1504-2 стандартына сәйкес сынақтан өткен. Қоспаны ішкі ылғалды орын-жайлар, гараждар, бағаналар және көпірлер сияқты түрлі конструкцияларда және элементтерде бетон қорғауын жақсарту үшін қолдануға болады.

### Гидрослайд (су жұқтырмайтын) әсері

Су сіңдірмейтін әсердің қасиеттері басқа стандартты суспензиялармен салыстырғанда судың капиллярлық сіңуінің күштілеу төмендеуін қамтамасыз ететін жылдам су сіңдірмейтін әсерді тудырады. Бұл кейінгі қабаттардың тамаша жабысқақтығын қамтамасыз етіп, суда еріген жемір заттардың (мысалы, мұздап кетуін болдырмауға арналған хлоридтер мен тұздың) әсерін қатты қысқартуына келтіреді.

### НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз тығыз, тегіс, сіңіргіш, бу өткізбейтін және жабысқақтықты төмендететін заттардан (шаңнан, тұз дақтарынан, майлардан, битумнан және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Беттің осал, шашылатын учаскелерін, қатпарларды, сырлау жабындарын, өк сылақтарды жою қажет. Жарықтарды тазартып СХ 5 қоспасымен толтыру керек. Терең ойдымдар мен тегіс емес жерлерді цемент ерітіндісімен, бетонмен немесе жөндеу қоспасымен, мысалы, СТ 29 немесе Ceresit Сылақпен толтыру керек.

Бетонның, цемент-құм сылақтардың және тұтастырғыштардың "жасы" CR 166 жағу сәтіне дейін  $\geq 28$  тәулік болуға тиіс.

Қалау тигістері цемент ерітіндісімен толығымен толтырылған болуға тиіс, шашылатын тигістерді  $\sim 2$  см тереңдікке тазартып СТ 29 немесе Ceresit Сылақпен толтыру керек.

Құрылымы өртекгі негіздерді, мысалы, кірпіш-тас қалауларды, цемент сылақпен, мысалы, СТ 29 сылағымен тегістеу керек.

Henkel

Качество для Профессионалов

CR 166 жағар алдында негізді айғыздар мен су жиналуын болуына жол бермей, қаныққанға дейін ылғалдандыру қажет.

Бұрыш аймақтарында цемент-құм ерітіндісінен немесе СХ 5, СТ 29 немесе Ceresit Сылақтан радиусы  $\geq 3$  см галтельдерді (жұмырлықтарды) дайындау керек, ал сыртқы бұрыштарда - 45° бұрышпен қиықжиктерді жасау керек.

Деформациялық және біріктіруші тігістерді, ашылатын жарықтар, сондай-ақ галтельдерді дайындау мүмкін болмайтын түйістерді (судың негативті қысымы болмайтын шартпен) CL 152 таспасының көмегімен қымтау ұсынылады. Таспаны CR 166 созымды гидроқшаулағыш массасы көмегімен гидроқшаулау қабаттары арасына желімдейді.

## ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін құрғақ қоспаны (А компоненті) түйірлер жоқ біртекті массаны шығартып, араластырған кезде эластификаторға (Б компоненті) біртіндеп қосады. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәтінен бастап 1 сағат ішінде жұмсалуға тиіс.

Гидроқшаулағышты 2 немесе 3 рет өтіп жалпақ қылқаламмен немесе шөткемен алдын ала ылғалдандырылған негізге жағады.

Материалмен жұмыс істеген кезде айқас жағу ережесін ұстану керек (яғни құрал-сайман қозғалысының бағыты әр кейінгі қабатты жаққан кезде алдағысын жаққан кезде қозғалыстарға перпендикуляр болуға тиіс). Әр кейінгі қабатты тіпті қатайған, бірақ әлі ылғалды болған алдағы қабатқа жағады. Қалыпты жағдайларда, температура +20°C болғанда және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% болғанда, гидроқшаулау қабаттарын ~ 3 сағаттан кейін жағуға болады.

Жұмыстарды аяқтар алдында CR 166 қабаты қалыңдығының талап етілетін қалыңдыққа сәйкес келетініне көз жеткізу керек.

Керамикалық тақталаларды бекіту CR 166 жағудан кейін 3 тәуліктен кейін мүмкін болады.

7 тәуліктен кейін гидроқшаулағыш қабат толық гидравликалық жүктемелерді қабылдай алады.

Гидроқшаулағыш массаның кеппеген қалдықтарын судың көмегімен, ал кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

## ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды негіздің температурасы +5 - +30°C болған кезде конденсаттың пайда болуын болдырмайтын жағдайларда орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар қоршаған орта температурасы +20°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% болған кезде дұрыс болады. Басқа жағдайда материалдың қатаю және беріктігін жинау мерзімдері, сондай-ақ жабындарды төсеуге дайындалу уақыты өзгеру мүмкін.

Жағылғаннан кейін 3 тәуліктің ішінде гидроқшаулағыш қабатты күн сәулелерінің, желдің, жаңбырдың және аяздың әсерінен сақтау керек.

**Назар аударыңыз!** CR 166 материалын басқа ұстастырғыштармен және үстемелермен араластыруға болмайды.

А компонентінің жаңартылған формуласының құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күюін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Қоспа көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

## ЕСКЕРТУЛЕР

Материалды қолдану тәсілдері туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде цемент материалдармен жұмыс істеу бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Материалды нақты қолдану мүмкіндігіне күмән болған кезде оны жеткілікті мөлшерде өздігінен сынау немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну керек.

Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіз бола алмайды.

Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

## САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда және қымтаулы қаптамада қоймаланған кезде - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес. **Б компоненттің мұздап қатудан сақтаңыз!**

## ҚАПТАМА

CR 166 гидроқшаулағыш массасы 2 қаптамадан тұратын жиынтықта жеткізіледі:

А компоненті 24,5 кг қағаз қаптарда. Б компоненті 7 кг пластик канистраларда.

Жиынтықтың жалпы салмағы - 31,5 кг.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

CR 166 құрамы:	
А компоненті	Цементтің минерал толтырғыштармен және полимер түрлендіргіштермен қоспасы;
Б компоненті	Полимерлердің су
Тығыздығы:	
А құрғақ компонентінің Б сұйық компонентінің	~ 1,4 кг/дм <sup>3</sup> ~ 1,0 кг/дм <sup>3</sup>
Араластыру пропорциясы (А комп. : Б комп.):	24,5 кг 7 кг-ға немесе салмағы
Тұтыну уақыты:	~ 1 сағат
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Керамикалық тақталаларды бекітуге дайындығы:	3 тәуліктен кейін
Толық гидравликалық жүктемелерді қабылдауға дайындық:	7 тәуліктен кейін
Су өткізбеушілігі:	$\geq 0,2$ МПа
Су булары диффузиясына қатаюдан кейін 28 тәулік өткенде салыстырмалы кедергісі (бу өткізгіштігінің ауа баламасы), sd, 2-3 мм қабаты үшін:	$\leq 0,5$ м
Көміртегі қос тотығы диффузиясына кедергі коэффициенті, $\mu$ CO <sub>2</sub> (DIN):	3490
Жабынның карбондау жылдамдығы:	$\leq 0,025$ мм/жыл
Қалыңдығы 3 мм қабаты үшін В25 бетон арқылы көміртегі қос тотығының диффузияға кедергі	70 мм
Жарықтарды жабуға қабілеті:	$\leq 0,9$ мм
Үзілу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы:	$\geq 18\%$
Созылған кезде беріктігі:	$\geq 0,6$ МПа
Бетонға жабысқақтығы:	$\geq 0,8$ МПа

## CR 166 ШЫҒЫНЫ

Қолдану шарттары	Жабынның қалыңдығы,	Шығысы, кг/м <sup>2</sup>
Топырақ ылғалы:	2,0	~ 3,0
Қысымсыз су:	2,5	~ 4,0
0,05 МПа дейін қысымдағы су:	3,0 (максимум)	~ 5,0
Бір өтіп жағылатын қабаттың максималды қалыңдығы - 1 мм		